



Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№39
(20713)



12 наурыз, сейсенбі 2024 жыл

e-mail: syrboiy@yandex.kz

www.syrboiy.kz



www.facebook.com/syrboiy.kz/



www.instagram.com/syrboiy_kz



https://twitter.com/syrboiy



t.me/syrboiy_kz

ПРЕЗИДЕНТ



Бауырластық байланыс беки түсті

Бакуге мемлекеттік сапармен барған Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевты Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев «Загульба» резиденциясында қарсы алды.

Құрмет караулы ротасының бастығы президенттерге рапорт берді. Қазақстан мен Әзербайжанның мемлекеттік әнұрандары шырқалғаннан кейін

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ильхам Әлиев бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды.

2-бет

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Рамазан айының басталуымен ҚҰТТЫҚТАУЫ

Қымбатты отандастар!

Сіздерді Рамазан айының басталуымен құттықтаймын!

Халқымыз үшін Қасиетті оразаның мән-маңызы айрықша.

Бұл – қоғамда имандылық, адалдық, жанашырлық, мейірімділік сияқты мызғымас құндылықтарға барынша мән берілетін кезең. Бүкіл мұсылман қауымының ынтымағы артып, бір-біріне бауырмалдығы айқын көрінетін мезгіл. Ораза айы рухани тазаруға, мұқтаж жандарға

көмек қолын созып, қайырымдылық жасауға үндейді. Сол арқылы барша адамзаттың береке-бірлігі нығая түсуіне ықпал етеді.

Дін мен дәстүр сабақтастығын берік ұстанатын ел татулығын, тұрақтылығы мен тыныштығын сақтап, кез келген сын-кәтерден сүрінбей өте алады. Мен Қазақстан халқының әрдайым рухани үндестікте өмір сүріп, болашаққа нық қадам басатынына сенемін.

Ораза қабыл болсын!

Баршаңызға зор денсаулық, амандық, толайым табыс тілеймін!

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың Рамазан айының басталуымен ҚҰТТЫҚТАУЫ

Қымбатты жерлестер!

Сіздерді мұсылман қауымы асыға күтетін Рамазан айының келуімен шын жүректен құттықтаймын!

Рамазан айында ізгілік, мейірімділік, сыйластық, татулық пен бірлік сынды басты құндылықтар салтанат құрады.

Осы күндерде азаматтарымыз рухани тазарып, жан дүниесін жаңғыртады, жақсылық жасайды. Сыр жұртшылығы арасында да қасиетті

айда ізгі істер бастау алып, мұқтаж жандарға қайырымдылық жасау игі дәстүрге айналып келеді.

Бұл ай – рухымызды көтеріп, тазалық пен имандылыққа шақыратын кезең.

Ұстаған оразаларыңыз, жасаған қайырымды істеріңіз бен дұға-тілектеріңіз қабыл болсын! Рамазан әрбір отбасын шапағатына бөлесін!

Еліміз аман, жұртымыз тыныш болып, халқымыздың бірлік-берекесі артсын! Оразадан оразаға аман-есен жете берейік!

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫНЫҢ ПӘРМЕНІ



Кез келген елдің әлеуметтік нем экономикалық жағдайы инвестиция тартумен, инфрақұрылымды дамытумен бағаланады. Бұл тұрғыда Қазақстан нендей жетістіктерге жетті? Сараптап көрмес бұрын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың былтырғы тапсырмасын еске салсақ. «2029 жылға қарай елімізге тартылатын инвестиция көлемі 150 млрд долларға жетуі тиіс» деген еді Президент. Қазір республиканың инвестициялық белсенділігі жаман емес, десек те алға қойған міндеттің жүгі ауыр. Оның орындалуы үшін Инвестициялық штабтың қосар үлесі мол болмақ.

Мадияр ТӨЛЕУ, «Сыр бойы»

САЯСАТТАҒЫ СӨТТІ СЕРПІН

Қазір елімізде Инвестициялық штаб жұмыс істейтіні белгілі, отандық және шетелдік инвесторлардың нақты кейсін бизнестің алдында тұрған мәселелерді қарастырып, трендтер мен тәуекелдерді зерделейді. Оған сәйкес соң кезірек топталмағыз, алдымен инвестиция тартудан алдамыз ба, арттамыз ба, сандарға көз жүгіртіп алайық. Жалпы 2000-жылдардан кейін Қазақстанның инвестиция тарту қарқыны күшейді. Мәселен, Біріккен Ұлттар Ұйымының Сауда және даму

Фото: Аиық Әбдіқасымов

жөніндегі конференциясының есебіне сүйенсек, кейінгі 20 жылда мемлекетімізге түскен таза тікелей шетелдік инвестиция 83 пайызға өсіп, 6,1 млрд долларға жеткен. Осылайша ең ірі 50 елдің қатарына кіреді. Инвестиция ағыны бойынша дүние жүзіндегі транзиттік экономикалар арасында, пост-кеңестік 15 ел мен теңізге шығатын мүмкіндігі жоқ 32 дамушы ел арасында көшбасшыға айналды. Сондықтан сарапшылар Қазақстанның өз позициясын сақтап қалуға және жақсартуға толық мүмкіндігі бар деп санайды.

2022 жылы Қазақстан 28 миллиард доллар тікелей шетелдік инвестиция тартып, рекорд жаңартқан болатын. Әйтпесе 2012 жылғы деңгейден 10 жыл бойы аса алмаған едік. Ал бізге қай елдер көп инвестиция құйған дерсіз, тартылған инвестиция көлемінің шамамен үштен бірі Нидерландыдан (8,3 млрд доллар), тағы үштен бір бөлігі АҚШ-тан (5,1 млрд доллар), тағы бір басым бөлігі Швейцариядан (2,8 млрд доллар) келген. Барлығы да жаһандық саясат пен экономикада ықпалды елдер, яғни, бұл елдердің сенімі көптеген жетістіктерге шығаратыны анық. Былтыр да Қазақстан өңдеу өнеркәсібіне инвестиция тартуда айтарлықтай нәтиже көрсете алды. Атап айтқанда, осы салаға салынған инвестиция өткен жылғы жалпы инвестицияның 20 пайызын құрады. Бұрынғы 10 пайыздық шектен екі есе жоғары.

2-бет

АЙТЫС

Сөз бәйгесінде Сыр ақындары алға озды

«Ұлттық рухани жаңғыру» жобасын жүзеге асыруға арналған іс-шаралар жоспары аясында Қызылорда облысы мен Шымкент қаласы ақындарының арасында «Әділ сөздің алдаспаны» атты республикалық командалық айтыс өткізілді.

Сонымен бірге бұл айтыс Казак елінің бірлігін нығайтуға ерекше үлес қосқан үш билің бірі, дара шешен, биік тұлғалы би Әйтеке Бәйбекұлының 380 жылдығы құрметіне арналды.

Айтыстың беташарында облыстық

мәслихат төрағасы Наурызбай Байқаламов сөз сөйлеп, халық өнерін қастерлеген көпшілікке игі тілегін арнады. Сондай-ақ облыс әкімінің орынбасары Ардақ Зебешев командаларға сәттілік тіледі.

4-бет



БӘРЕКЕЛДІ!



Қызылордалық кәсіпкер республикалық конкурс жеңімпазы

Мереке қарсаңында Шиелі ауданының тұрғыны Ботагөз Арқашбаева республикалық «Ару ана» конкурсының жеңімпазы атанып, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолынан марапат алды.

ҚР Президенті жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссияның ұйымдастыруымен өткен «Ару ана» республикалық конкурсының қорытындысымен Қазақстан бойынша 20 қыз-келіншек іріктелген болатын. Конгресс-Холда өткен Халықаралық әйелдер күніне арналған мерекелік концертте оның 6-уы марапатталды. Жерлесіміздің жобасы «Агробизнес саласындағы үздік жоба» номинациясы бойынша жеңімпаз деп танылды. Б.Арқашбаеваның «Ешкі сүтін терең өңдеу» жобасы тәулігіне 50 литр ешкі сүтін өңдеуге бағытталған.

Негізгі мамандығы хореограф болғанымен, 2017 жылдан бері «Оразбек» отбасылық шаруа қожалығын ашып, мал шаруашылығымен айналысуы бастаған. Қазір ешкі саны 100-ден асты, Австралия және Германиядан ешкі төлін әкеліп, жергілікті тұқымдармен будандастыру тәжірибесін қолға алған. Алдағы уақытта будандастырылған жаңа тұқымды халықаралық сатылымға шығаруды жоспарлауда.

Ешкі сүтінен ірімшіктің 4 түрін, құрт, май, брынза, сүзбе жасап сатады. Өнімдерге сұраныс өте жоғары болғандықтан, кәсібін кеңейтпек.

4-бет

ЕГІН – 2024

Бір түп қамыс бір құлақ суды ұстамас үшін...

Көктем келіп, күн жылт еткелі диқан қауым дала қосына шығып, егін егуге қам жасай бастады. «Бір түп қамыс бір құлақ суды ұстайды» деген ілгерідегілер тәмсілін еске ұстаған шаруа қожалықтары су жолдарынан тазалап, келешекте судан көдергі болмауын осы бастан ойластыруда. Осы орайда Жаңақорған ауданы диқандарының да қимылы қауырт. Оңтүстік аудан диқандары биыл 36026 гектарға түрлі дақыл егуді жоспарлап отыр. Бұл былтырғы жылғыдан 311 гектарға артық. Былтырғы күз айларында 7 300 гектар сүдігер айдалса, 2700 гектар жерге күздік бидай себіліп, күтімге алынды.



Фото: Айбек Шығайұлы

